



А.Т. Мәден<sup>\*</sup> , Ж.Д. Мустафина<sup>\*</sup> 

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан  
(E-mail: [assybek\\_maden@mail.ru](mailto:assybek_maden@mail.ru); [zhanar\\_mustafina@list.ru](mailto:zhanar_mustafina@list.ru))

## Ақтөбе облысына немістердің күштеп көшірілу тарихы (1941–1943 жж.)

Мақалада немістердің Ақтөбе облысына күштеп көшірілу тарихы қарастырылған. Кеңестік немістер этникалық белгісіне қарай қуғын-сүргін саясатының үлкен зардабын көрген халықтардың бірі. Жергілікті архив деректері, жарияланған басқа да құжаттар және өлкетану материалдары негізінде арнайы қоныс аударылған немістердің өңірге көшірілу кезеңдері, олардың саны, жас-жыныстық құрамы, аудандар бойынша бөлінісі, орналастырылуы және әлеуметтік-тұрмыстық жағынан қамтамасыз етілуі талданған. Қазақстанға арнайы қоныс аударылғандар ретінде немістердің бірнеше категориялары келді. Олар КСРО-ның түкпір-түкпірінен күштеп көшірілген неміс отбасыларымен қатар, еңбек колонналарына жұмылдырылған түрлі санаттағы немістер. Жұмыс күші ретінде еңбек колонналарына азат етілген еуропалық елдерден айдап әкетілген неміс ұлтының өкілдері де алынды. Олардың барлығы облыс аумағында қолға алынған ірі құрылыстарда, өндіріс орындарында жұмыс жасады. Ақтөбе еңбекпен түзеу лагерінің бөлімшелері болған бұл құрылыс алаңдары іс жүзінде жеке лагерь ретінде қызмет етті. Мақалада Ақтөбе лагеріндегі немістердің саны беріліп, олардың еңбек жағдайы және басқа да мәселелері зерделенген. Авторлар күштеп көшірілген немістердің жаңа жерлерде екінші рет қуғын-сүргінге ұшыратылғандығын атап өтеді. Оған арнайы қоныс аударылғандардың туыстарынан ажыратылып, еркінен тыс жұмысқа жегілуі, түрлі жалған айыптармен қылмыстық қуғындауға ұшырап, ұзақ мерзімге сотталуы немесе ең жоғары жазаға кесілуі дәлел бола алады. Жергілікті архив құжаттары Ақтөбе өңірінде бұрыннан тұратын, арнайы қоныс аударылғандар санатына жатпайтын неміс ұлтының өкілдерінің де арнайы есепке алынып, қатаң бақылауда болғандығын көрсетеді.

*Кілт сөздер:* қуғын-сүргін, автономия, күштеп көшіру, эшелон, арнайы қоныс аударылғандар, еңбек колоннасы, Ақтөбе лагері, ЕТЛ, Кемпірсай, лагерь.

### Кіріспе

Сталиндік қуғын-сүргін жылдары елімізге этникалық белгісіне қарай қуғын көріп, күштеп жер аударылған көптеген халықтар келді. Отандық тарих ғылымында бұл тақырып әлі де болса толық зерттелмеген. Объективті тарихи бағасын алмаған мәселелердің бірі. Ұлттық тарихымыз үшін бұл науқанның масштабы мен қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және демографиялық салдарын анықтау маңызды. Әсіресе, өңірлердегі жүзеге асырылу барысын, оның кезеңдері мен ерекшеліктерін зерттеп, сипатын айқындау тақырыптың ақандақ беттерін ашуға көмектеседі. Жалпы елімізде аталмыш мәселе 2020 жылы қайта көтерілді. Сол жылдың қараша айында мемлекет басшысы Қ.-Ж.К. Тоқаев «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Жарлыққа [1] қол қойды. Жарлыққа сәйкес республикалық және өңірлік жұмыс топтары құрылды. Мемлекеттік комиссияның міндеті мен қызметіне сәйкес 2021-2023 жылдары тарихшы-ғалымдар зерттеу жұмыстарын жүргізді. Комиссия жұмысының аясында өткен ғасырдың 30-50-жылдары орын алған күштеп көшіру, арнайы қоныс аудару саясатының тарихы жеке бағыт ретінде зерттелді.

Үш жылдық зерттеу барысында өңірлерде жекелеген халықтарды күштеп көшіру, арнайы қоныс аудару тарихының көптеген жаңа қырлары ашылды. Жергілікті архивтерден бұл науқан барысының өңірлік ерекшеліктерін айқындайтын жаңа құжаттар табылды. Осы ретте, отандық тарихнамада бұған дейін жарық көрген еңбектерде, құжаттар мен материалдар жинақтарында күштеп көшірілген және арнайы қоныс аударылған халықтарға қатысты жалпылама, сандық мәліметтер ғана беріліп келді. Тіпті, осыған дейін отандық тарих ғылымында аталмыш мәселенің теориясы мен методологиясы өз деңгейінде қалыптаспады десек артық айтқандық емес. Сондықтан өңірлерде халықтарды күштеп көшіру, арнайы қоныс аудару тарихын зерттеу жұмыстары жалғаса беруі тиіс деп есептейміз.

Күштеп көшірілгендер мен арнайы қоныс аударылғандар орналастырылған өңірлердің бірі — Ақтөбе облысы. XX ғасырдың 30-40-жылдары мұнда одақтық маңызы бар ірі өндіріс орындарының

\* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: [assybek\\_maden@mail.ru](mailto:assybek_maden@mail.ru)

құрылысы жүргізілді. Құрылыс жұмыстарына адам күші жетіспеді. Сондықтан осы нысандарға күштеп қоныс аударылған немістер де тартылды. Өйткені, кеңес үкіметі «сенімсіз ұлт» ретінде саналған немістерді тегін жұмысшы күші ретінде пайдалануды жоспарлады. Архив құжаттары немістердің басқа жұмысшылардан бөлек еңбек жасағы ретінде есепке алынғандығын көрсетеді. Кеңестік немістерді Қазақстанға, оның ішінде Ақтөбе облысына күштеп көшіру 1941 жылдың күзінен басталды. Олардың ұлттық автономиясы жойылды. Дегенмен, жергілікті архив құжаттары қоныс аударылған немістердің Ақтөбе өңіріне оған дейін-ақ орналастырылғандығын айғақтайды. Ақтөбе облыстық мемлекеттік архив құжаттары бойынша 1936 жылы Украина КСР-ның батыс аудандарынан кеңестік поляктар мен немістерді көшіру жүргізілген. Қазақстан жалпы алғанда 15 мың неміс және поляк колхоз шаруашылықтарын қабылдаған. Оның 1 мыңын Ақтөбе облысының аумағына (қостанайлық аудандар тобына) орналастыру жоспарланды [2; 23-25].

Кеңес үкіметінің халықтарды этникалық белгісіне қарай қуғындау саясатына байланысты 1930-жылдардың басынан бастап Ақтөбе өңіріндегі жергілікті неміс ұлтының өкілдері де қатаң бақылауға алынды. 1926 жылғы санақ материалдары бойынша Ақтөбе округінде 1673 неміс ұлтының өкілі болды [3; 5]. Бұл шаралар «іштен шыққан жауды іздеу» саясатына сәйкес жүргізілді. Мысалы, БК(б)П Обкомының хатшысы Ә.Ы. Досовтың 1934 жылдың 23-желтоқсанында Қостанай, Семиозерный, Меңдіқара, Федоров, Жетіқара, Қобда, Мәртөк, Степной және Темір ауданының басшыларына жолдаған директивалық нұсқауында «бірқатар неміс поселкелерінде діни, әсіресе сектанттық ағымдардың, кулақтық элементтердің контрреволюциялық жұмыстарының жанданып отырғандығын, бұл таптық-жау элементтердің өз қызметтерін Германияда билік басына фашистер келгеннен кейін ерекше күшейткенін» [4; 1-3] атап өтіп, неміс тұрғындары арасындағы партиялық-бұқаралық жұмыстарды күшейтуді, кулак элементтерін жоюды және контрреволюциялық жау элементтердің неміс тұрғындарға ықпалын жоюды қатаң тапсырады. Көріп отырғанымыздай, жекелеген ұлттарды қуғындау, оларды кеңес үкіметіне жау ретінде қарастыру және қатаң бақылауға алу шаралары әкімшіл-әміршіл жүйе күш алған 1930-жылдардың ортасынан жүзеге асырыла бастады. Бұл уақытта кеңес үкіметі жекелеген ұлттардың мәдениеті мен тілін қолдауға бағытталған саясатынан бас тартып, жаңа ұлт саясатын қолға алған болатын.

Мақалада жергілікті дереккөздері негізінде неміс халқының 1941-1943 жылдары Ақтөбе өңіріне күштеп көшірілу тарихын зерттеуді мақсат етіп отырмыз. Бұған дейін бұл тақырып арнайы зерттелмеген. Дегенмен, жалпы Ақтөбе өңіріндегі қуғын-сүргін мәселесіне алғашқы болып жергілікті тарихшы-ғалым З. Байдосов назар аударды. Ол Ақтөбе облыстық полиция департаментінің архивінде (бұрынғы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің архиві) 1997 және 2013 жылдары зерттеу жұмыстарын жүргізіп, нәтижесінде 2014 жылы «Зұлмат пен үрей: зобалаң анатомиясы» деп аталған 4 томдық еңбегін жарыққа шығарды. Жинақта Ақтөбе облысы бойынша 2013 жылға дейін ақталған 6400 адамның қысқаша деректік материалдары берілген. Ғалым осы еңбегінде 1920-1940-жылдары облыс бойынша жалпы алғанда 8 мыңға тарта адамның тергеуге алынып, кейін атылып, айдалғандығын атап өтеді [5; 16-18]. Жинақта Ақтөбе өңіріне күштеп көшіріліп, кейін қудаланған неміс ұлтының өкілдері туралы да мәліметтер бар. Дегенмен автор жекелеген ұлттар бойынша қуғынға ұшырағандардың нақты санын көрсетпейді. Зерттеуінде күштеп көшірілген өзге ұлттардың тарихын қарастыруды мақсат етпеген. Жалпы жергілікті архив қорларындағы өзге ұлт өкілдерінің тергеу істерінің көпшілігінен ол адамның күштеп көшіріліп келгендігін нақты анықтау мүмкін емес. Себебі, тергеу істерінде ол адамдар туралы жан-жақты ақпараттар берілмейді. Сәйкесінше, күштеп көшірілген және арнайы қоныс аударылған қанша өзге ұлт өкілінің қуғын-сүргінге ұшырағандығын анықтау қиынға соғып отыр. Сондықтан, Ақтөбе өңіріне күштеп көшірілген немістер және басқа ұлттардың саны мен олардың кейінгі тағдырын зерттеу маңызды мәселе.

#### *Материалдар және әдістер*

Зерттеудің негізгі дереккөздерін күштеп көшірілген немістердің ұрпақтарының баспасөз бетінде жарияланған естеліктері, Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві қорларының құжаттары құрайды. Екі дереккөзі арқылы архив құжаттарының мәліметтерін ауызша деректермен салыстырып, тексеруге мүмкіндік алдық. Мақаланы жазу барысында аталған архивтің № 13, 63, 85 және 515-қорларының құжаттары пайдаланылды. 13-қор «Қазақстан Коммунистік партиясының Ақтөбе облыстық комитеті», 63-қор «Ақтөбе округтік жұмысшылар, шаруалар және қызыл әскер депутаттары кеңесінің атқарушы комитеті», 85-қор «Ақтөбе облыстық жұмысшылар, шаруалар және қызыл әскер депутаттары кеңесінің атқарушы комитеті» және 515-қор «Жұрын аудандық жұмысшылар, шаруалар

және қызыл әскер депутаттары кеңесінің атқарушы комитеті» [6; 12-37] деп аталады. Аталған қорларда сақталған істерде партия және жергілікті атқарушы органдардың шешімдері, қарарлар, хаттамалар, облыс және аудандар аумағындағы өндіріс орындарының тыныс-тіршілігі, саяси-мәдени өміріне қатысты қызметтік жазбалар, есептер, т.б. мәліметтер жинақталған. Бұл іс құжаттары халықтардың күштеп көшірілуіне дейінгі өмірдегі өзге ұлттардың санын анықтауға, оларға қатысты кеңестік биліктің ұстанымын айқындауға, халықтардың күштеп көшірілуі, олардың орналастырылу барысын, күнделікті өмірін, еңбекке жұмылдырылу үдерісін, жаңа жерде қуғындалу тарихын зерттеуге мүмкіндік берді.

Мәселенің теориялық-әдіснамалық негізін жасақтауда жекелеген халықтарды қуғындау, күштеп көшіру тақырыбында бұған дейін жарық көрген еңбектер, отандық тарихнамада қалыптасқан ғылыми тұжырымдар мен қорытындылар басшылыққа алынды. Мақаланы жазу барысында ғылымилық, тарихилық, шынайылық, жүйелілік қағидалары ескеріліп, тарих ғылымында қалыптасқан талдау, жалпылау, салыстырмалы, статистикалық, ретроспективтік әдістер пайдаланылды.

Ретроспективтік әдіс немістердің күштеп көшірілуінің барысын түсінуге, оның әдістерін анықтауға, тарихи оқиғаларды қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Талдау және жалпылау әдістері арқылы қоныс аударылғандарды орналастыру, шаруашылық-тұрмыстық орнықтыру үдерістерін, құқықтық жағдайларын зерделеп, анықтадық. Салыстырмалы әдіс арнайы қоныс аударылғандардың тарихына қатысты деректермен жұмыс кезінде қолданылды. Деректерге салыстырмалы қарау, олардың маңыздылығын анықтау арқылы тарихи фактілер мен құбылыстардың орын алу ықтималдығы айқындалды. Ал статистикалық әдіспен күштеп көшіруге дейінгі Ақтөбе өңіріндегі немістердің саны, арнайы қоныс аударылғандардың саны мен жас-жыныстық құрамы анықталды.

#### *Нәтижелері*

Сонымен екінші дүниежүзілік соғыс жылдары «сенімсіз ұлттардың» кеңес азаматтарына таңылған жау бейнесінің бірте-бірте нақты ұлттарға қатысты бола бастауы «жекелеген аумақты тазарту тұтас халықтарды жоюға» айналған тұста өз шырқау шегіне жетті. Осы тұрғыдан алғанда 1941 жылы немістерді депортациялау соғыс кезеңіндегі кейінгі барлық мәжбүрлі көші-қондарға үлгі болды [7; 167].

Соғыс басталысымен бұрынғы КСРО аймақтарында өмір сүріп жатқан мыңдаған немістер герман фашизміне қарсы қарулы сапқа тұрды. Соған қарамастан Сталин бастаған сол кездегі кеңес басшылығы кеңестік немістердің Германия фашистерімен «шпиондық байланысын» ойлап тапты.

Осындай желеумен 1941 жылы 26-тамызда КСРО ХКК және БК(б)П ОК «Еділ бойы немістерінің республикасынан, Саратов және Сталинград облыстарынан немістерді көшіру туралы» қаулы қабылдайды. Осы қаулы негізінде «Еділ бойы немістерінің республикасынан, Саратов және Сталинград облыстарынан неміс ұлтының тұрғындарын көшіру туралы жоспар» бекітіліп, КСРО ПХК-мен алдын-ала дайындалған «Еділ бойы немістерінің республикасынан, Саратов және Сталинград облыстарынан немістерді көшіру бойынша операцияларды жүргізу шаралары туралы» № 001158 бұйрық жарияланды. Бұл «көшірудің» мәжбүрлі болу сипатын осы операцияны жүргізуге ПХК-ның 1550 қызметкерінің, 3250 милиция қызметкерінің және 12150 әскерилердің қатыстырылу фактісі дәлел бола алады. Оған қоса әр эшелонды барар станциясына жеткенге дейін ПХК офицерлері мен қызыл әскер күзетті [8; 288-293].

Үкіметтің директиваларына Қазақстан басшылығы да шұғыл әрекет етті. 1941 жылы 30-тамыз және 1-қыркүйекте Қазақстан Халық комиссарлары кеңесінің және К(б)П ОК-нің КСРО ХКК мен БК(б)П ОК осы жылғы 26-тамыздағы «Саратов және Сталинград облыстарынан және Еділ бойы немістері республикасынан қоныс аударылған немістерді қабылдау бойынша» қаулысын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы [9; 94-96] және Қазақстан К(б)П Ақмола облыстық атқару комитеті мен облыстық комитетінің Еділ бойынан қоныс аударылған немістерді орналастыру туралы қаулылары қабылданды [10; 167-168]. Л. Берияның жазбаша нұсқауы бойынша қоныс аударылған немістердің көпшілігін Қазақстанға орналастыру көзделді [11; 195]. Қазақстанға Ленинград облысының немістері мен финдері, Мәскеу қаласының, РКФСР-ның Мәскеу, Ростов, Куйбышев және басқа облыстарының, Грузин, Әзірбайжан және Армян КСР-ның, Дағыстан, Қалмақ және Шешен-Ингуш АКСР-ның немістері көшірілді. 1941 жылдың күзі мен 1942 жылдың жазында Украинадан майданға жақын аудандардан немістер келе бастады [12; 20]. Күштеп жер аударылғандарға жолға жиналу үшін бір тәулік уақыт берілді. Оларға мал-мүлкін алуға рұқсат етілмеді. Алдағы болашағы туралы ешқандай ақпараттар берілмеді.

Сонымен 1941 жылдың 25-қазанына қарай Қазақстанда 467 мың Еділ бойы немістерін қабылдау жоспарланды. Оның 15 мыңы Ақтөбе облысына орналастырылатын болды. Көшірілгендерді облыстар бойынша орналастыру жоспарына қарағанда қоныс аударылған немістердің негізгі денін солтүстік және солтүстік-шығыс өңірлерге орналастыру көзделген. Ал жойылған Еділ бойы немістерінің республикасына жақын жатқан майдан шебіндегі Гурьев және Батыс Қазақстан облыстарына қоныс аударылған немістер жіберілмеді. Аталған мерзімге республикаға іс жүзінде 420 мың адам келді [11; 196].

Қазақстанға күштеп көшірілген немістердің алғашқы легі 1941 жылдың қыркүйек айынан келе бастады. 1941 жылы 14-қазанда қоныс аударылған немістердің кезекті үш эшелоны Қазақстанға жетеді. Оның біреуі Ақмола облысына, екіншісі Солтүстік Қазақстан облысына, ал үшіншісі № 476 эшелон Ақтөбе облысының Мәртөк станциясына түсірілді. № 476 эшелон 1983 адамнан тұрды. Олардың арасында ауруға шалдыққан 5 бала болды, оның 2-уі іш сүзегімен, 3-уі қызамық (скарлатина) дертімен ауырғандар еді. Осы 5 адам ауруханаға жатқызылып, екі вагонда санитарлық залалсыздандыру жұмыстары жүргізілген. Бірге болған жолаушылар аудан орталығының бос ғимараттарына орналастырылып, 14 күнге карантинге оқшауландырылды. Ол жерден 3 күннің ішінде Мәртөк ауданының тарату пункттеріне жіберілетін болды. 1941 жылы 3-қарашада Ақтөбе облысына кезекті 2 эшелон келіп жетті. Оның жалпы саны 5554 адам болды. Бұл қоныс аударылғандарды жергілікті билік органдары Степной және Родников аудандарына орналастыруды жоспарлады [12; 56-57, 61].

Қоныс аударылған немістерді орналастыру барысында Қазақстан үкіметі Ақтөбе облысына қатысты жоспарды өзгертті. Бастапқы жоспардағы 15 мың адамға қосымша тағы 5 мың адамды орналастыру көзделген. Жалпы 1941 жылдың 19-желтоқсанына дейін 9635 адамды құраған 4 эшелон келген. Арнайы контингенттің эшелондар бойынша саны мен жас-жыныстық құрамын төмендегі кестеден (1 кесте) [12; 84-85] көруге болады.

1 - кесте

**19.12.1941 ж. дейін күштеп көшірілген немістердің сандық, жас-жыныстық құрамы**

Р/с №	Келген мерзімі	Эшелон №	Барлығы:	Оның ішінде		
				ерлер	әйелдер	балалар
1	1941 ж. 6 қазан	475	1983	121	1045	817
2	1941 ж. 12 қазан	476	3500	134	1347	219
3	1941 ж. 25 қараша	426	1796	745	1061	987
4	1941 ж. 5 желтоқсан	425	2356	-	-	-

Кестеден көрінетіндей, № 476 және № 426 эшелондар бойынша берілген ерлер, әйелдер, балаларға қатысты сандар жалпы санмен сәйкес келмейді. Бұны сол уақыттағы есепке алу жұмыстарының дұрыс жүргізілмеуімен түсіндіруге болады. Сонымен, 1941 жылдың 5-желтоқсанында келген № 425 эшелон Мәртөк станциясына түсіріліп, Қобда ауданының аумағына орналастырылған. Қоныс аударылғандарды орналастыру ауа-райына, жолдың ұзақтығына (100 шақырымнан 200 шақырымға дейін) және де тасымалдау көліктерінің жетіспеуіне байланысты кешіктірілген. Келгендердің арасында бала өлімі орын алды, жол-жөнекей — 156, ал жөнелту пункттерінде — 127, барлығы 283 бала өлген. Балалар негізінен қызылшадан өліп отырды.

Краснодар, Орджоникидзе өлкелерінен және Запорожье облысының ауылдық елді мекендерінен келген контингент облыстың 5 ауданының колхоздарына орналастырылды: Степной ауданына — 2800 адам, Мәртөк ауданына — 2383 адам, Новоресей ауданына — 700 адам, Ключевой ауданына — 1796 адам және Қобда ауданына — 1956 адам бөлінген. Колхоздардың қабылдау мүмкіндігіне қарамастан арнайы контингент өте тығыз орналастырылды.

Жоғарыда аталған эшелондардан басқа 1941 жылы 13-желтоқсанда Астрахань қаласынан 1900 адамнан тұратын № 1003 эшелон келді. Бұлар «әлеуметтік-қауіпті элементтер» ретінде әкімшілік жағынан көшірілгендер (сотталғандар, халық жауларының отбасы мүшелері және тергеуге алынғандар) болатын. Эшелонмен бірге олардың 798 тіркеу істері және формуляр-істері жеткізілген. Көшірілгендерден 808 адам Жұрын ауданына, 560 адам Шалқар ауданына және 532 адам Родников ауданына орналастырылды. Қоныс аударылғандардың барлығының қолында Қазақ КСР аумағында тұруға құқылы деген белгі соғылған төлқұжаттары болды [12; 85].

Жергілікті басшылыққа қоныс аударылған немістерді орналастыру, оларды үй-жаймен, азық-түлікпен, жұмыспен қамтамасыз ету қиынға соқты. Өйткені соғыс жағдайында өңірге эвакуацияланған халықтар да көптеп келіп жатты. Сондықтан қоныс аударылған немістер колхоздарға тығыз орналастырылды. Мәселен, еңбекшілер депутаттарының Ақтөбе облыстық кеңесінің атқарушы комитетінің 1941 жылғы 11-желтоқсанындағы шешіміне сәйкес қоныс аударылған немістерді жеткізу және орналастыру жұмыстарына қосымша 126 мың сом қаражат бөлініп, көшірілген 1750 отбасыны аудандар бойынша келесідей бөлініспен орналастыру көзделген: Шалқар ауданына — 170 отбасы, Ырғыз ауданына — 100 отбасы, Ойыл ауданына — 100 отбасы, Байғанин ауданына — 100 отбасы, Мәртөк ауданына — 170 отбасы, Родников ауданына — 100 отбасы, Ключевой ауданына — 200 отбасы, Қобда ауданына — 170 отбасы, Жұрын ауданына — 270 отбасы, Қарабұтақ ауданына — 100 отбасы және Темір ауданына — 270 отбасы [13; 45].

Осы желтоқсан айында Ақтөбе облысына арналған жоспар тағы өзгергенге ұқсайды. Енді 26600 адамды орналастыру көзделген [12; 195]. Облыс аумағына көшіріліп, орналастырылғандардың жоғарыда берілген санын жиынтықтайтын болсақ, 1941 жылдың 13-желтоқсанына дейін 11535 адам келген болып шығады. Бұл жалпы жоспардың 43,3 %-ін құрайды.

Жалпы соғыс кезеңінде және одан кейінгі жылдары Ақтөбе облысының аумағына көшірілген немістердің бірнеше категориясының болғандығын атап өткен жөн. Олар күштеп жер аударылғандар, «қауіпті элемент» ретінде әкімшілікпен көшірілгендер, кеңес әскерінен босатылып, ГУЛАГ еңбек колонналарының құрамында келгендер, кеңес әскерімен азат етілген Шығыс Еуропа елдерінен тұтқындалып, еңбек күші ретінде КСРО-ға жіберілген немістер (интернированные немцы) және әскери тұтқындар болды. Бұлардың барлығына «арнайы қоныс аударылғандар» деген айдар тағылды. Соғыстан кейінгі жылдары олар «арнайы контингент» деген атаумен есепке алынды.

Арнайы қоныс аударылған немістер тиісті органдар тарапынан қатаң бақылауға алынды. Тіпті, соғыс аяқталғаннан кейін бұл тәртіп қазақстандық немістерге де тарады. Оларға тұрып жатқан жерлерін өз еркімен тастап кетуге тыйым салынды. Неміс ұлтының өкілдеріне жеке құқықтарына байланысты басқа да шектеулер қолданылды. Жергілікті Ақтөбе облыстық мемлекеттік архивінде арнайы қоныс аударылғандарды есепке алудың алфавиттік журналы, олардың тізімдері, партияға мүше коммунистердің, оған үміткерлердің аудандар бойынша жасақталған тізімдері сынды құжаттар сақталған. Бұл құжаттар 1941-1946 жылдарға жатады. Тізімдерде қоныс аударылғандардың ұлты, туған жылдары, бұрын өмір сүрген жерлері, қазіргі жұмыс орындары, т.б. мәліметтер көрсетілген. Осындай бір құжатта ҚК(б)П Қобда аудандық комитеті 01.07.1942 ж. күнгі жағдай бойынша қоныс аудару тәртібімен келген неміс коммунистерінің тізімін береді (2-кесте) [14; 16]. Біз құжаттағы кестені ықшамдап беріп отырмыз.

2 - кесте

**Қобда ауданы бойынша қоныс аудару тәртібімен келген неміс коммунистерінің тізімі**

№	Аты-жөні, туған жылы	Кету себебі, қандай құжатпен келді	Қазіргі уақыттағы жұмыс орны, лауазымы
1	Миллер Густав Генрихович, 1906 ж.	06.10.41 ж. күнгі анықтама бойынша арнайы қоныс аударылған	«Победа» колхозы, төраға
2	Моор Теодор Хрестьянович, 1906 ж.	06.10.41 ж. күнгі анықтама бойынша арнайы қоныс аударылған	«Серп и молот» колхозы, ұста
3	Гигуль Теодор Альбертович, 1903 ж.	06.10.41 ж. күнгі анықтама бойынша арнайы қоныс аударылған	«Н.Москва» колхозы, ферма меңгерушісі

Кестеде берілген мәліметтерден Қобда ауданының колхоздарына орналастырылған немістердің қашан және қандай сипатта қоныс аударылғандығын, олардың сол мезетте қандай жұмыс жасағандығын көруге болады. Одан басқа аталған архив құжатында неміс ұлтының бұл өкілдерінің Орджоникидзе өлкесінен (қазіргі Ставрополь өлкесі, Солтүстік Кавказ) шыққандығы көрсетіледі. Құжатта сондай-ақ партия мүшесі ретіндегі билеттерінің, кандидат ретіндегі анықтамаларының нөмерлері, партиялық өтілі, Қазақ КСР-на келгенге дейінгі жұмыс орындары, лауазымдары туралы мәліметтер берілген. Сол мәліметтер бойынша аталған коммунистер аудандық атқарушы комитеттің төрағасы, өрт күзетінің бастығы, колхоз төрағасы сынды жоғары лауазымды қызметтерді атқарған. Барлығы да жоғары білімді болды. Осындай мазмұндағы архив құжаттары арнайы қоныс аударылған немістердің жаңа жердегі күнделікті өмірін көруге мүмкіндік береді.

Ақтөбе облысының аумағына жер аударылып, кейін түрлі айыптармен сотталған неміс ұлтының өкілдері және еңбек колонналарына жұмылдырылған немістер ПХК ГУЛАГ, ГУЛПС жүйесіне кірген Ақтөбе және Кемпірсай еңбекпен-түзеу лагерлерінде ұсталды. Лагердегі тұтқындардың жағдайы өте ауыр болды. Еңбек колонналарындағы жағдай одан кем түспеді. Еңбек колонналарында қарулы күзет, қарулы жасақтың бақылауымен жұмыс жасау, адам құқықтарының аяқ асты етілуі, тағы басқа сынды барлық лагерлік атрибуттары сақталды. Ақтөбе ЕТЛ Ақтөбе қаласында орналасты және 1940 жылдың ақпан айында ұйымдастырылып, 1946 жылы жабылған.

Бұл лагерде әр жылдары 4500-ден 16000-ға дейін тұтқындар ұсталған. Ақтөбе ЕТЛ тұтқындары Ақтөбе феррокорытпа комбинатын салумен, Дөң және Кемпірсай кен орындарында хром және темір-никель кендерін өндірумен және тиесп жөнелтумен, Бадамша никель кенішінің карьерлерін пайдаланумен айналысты. Сондай-ақ олар әр жылдары Кемпірсай «Оңтүстік Орал никель» комбинатының құрылысын жүргізді. Кварциттердің Мұғалжар карьерін ашумен айналысты және Бершүгір көмір шахтасына қызмет көрсетті. Әрине, сотталғандар тігін өндірісі, тұрғын үй, су құбыры құрылысы, кірпіш өндірісі, тас карьерлерін әзірлеу сияқты ұсақ қосалқы жұмыстарды да атқарды. Ақтөбе ЕТЛ-нің (Ақтөбелаг, Ақтөбе комбинаты, Ақтөбе құрылыс) ірі құрылыс нысандары уақыт өте жеке-жеке лагерлік бөлімшеге айналды.

Күштеп көшірілген немістер жұмысшы күші ретінде пайдаланылған өңірдегі екінші лагерь — Кемпірсай еңбекпен-түзеу лагері болды. Кемпірсай лагері 1941 жылдың шілде айында ұйымдастырылып, 1942 жылдың сәуір айына дейін жұмыс жасайды. Кейін Ақтөбе лагерінің құрамына қосылады. 1942 жылғы 1-наурызға тиесілі лагердің қызметі туралы анықтамада: «Лагердің жұмысшы күші негізінен еңбекке тартылған Украинадан қоныс аударылған немістерден құралған. Ішкі істер халық комиссарының орынбасары В.В. Чернышевтің өкіміне сәйкес 1941 жылы қазан айында лагерге жоғарыда аталған немістерден 16 мен 70 жас аралығындағы 2398 адам келген. Осы лектің құрамында шамамен 300 адамдай 50 жастан асқан қарттар және 100 адамдай жасөспірімдер болды. Ұзақ жол жүріп, жол-жөнекей дұрыс тамақ ішпеген контингент өте әлсіз жағдайда жетті. Келгендер саны 5 ай ішінде 747 адамға кеміді. Олардың 42-сі саботаж және контрреволюциялық үгіт-насихаттары үшін сотталған және тергеуде жүргендер. Мүгедектігі мен қарттығына байланысты лагерден 390 адам босатылған. Осы санаттағы кемі 100 адамдай тағы да босатылатын болады. Өлгендер 100 адам және 215 адам қашып кетті» [15; 1, 5] деп жазылған. Көріп отырғанымыздай, кеңес үкіметі қоныс аударылған немістерге бірінші кезекте жұмысшы күші ретінде қарады. Оған қарсылық білдіргендер қуғындалды.

1943 жылдың басында Ақтөбе комбинатында тізім бойынша жұмысшылардан, қызметкерлерден және инженер-техникалық жұмысшылардан құралған 20480 адам болды. Оның ішінде ерікті жалданушылар 3414 адам, тұтқындар — 15499 адам және қоныс аударылған-немістер — 1667 адам. Барлық құрам 10 өндірістік бөлімшені қамтамасыз етеді. Олар: Ақтөбе феррокорытпа зауыты, Дөң, Кемпірсай кеніштері, кірпіш зауыты, әк карьері, Котлубанка ст. орман учаскесі, Арал теңізіндегі балық кәсіпшілігі және т.б. [16; 56].

1943 жылдың алғашқы 8 айында Ақтөбе комбинатындағы тұтқындардың саны 13472 адам болса, оның 326 неміс ұлтының өкілдері еді. Тұтқындардың жастық құрамына келсек, осы жылғы мәлімет бойынша тіпті 17 жасқа дейінгі 17 бала болған. Архив дерегінен тұтқындардың негізгі дені 17 жастан 30 жасқа дейінгілер және 31-ден 50 жасқа дейінгілер болып есепке алынғандығын көруге болады. Олардың саны сәйкесінше 6999 адам және 6224 адамды құрады [17; 10]. Бір қызығы бұл құжатта тұтқын немістер өзге елдердің азаматтары ретінде беріледі. Соған қарағанда олар КСРО азаматтары емес, азат етілген Еуропа елдерінен тұтқындалып көшірілгендер болуы мүмкін.

Лагердегі тұрмыстық жағдай өте нашар болды. Барактардың нашар жылытылуына байланысты адамдарға топтасып отырып, жылынуға тура келді. Бұл жағдай түрлі індеттердің таралуына алып келді. Барактар қысқа мүлдем дайын болмады. Тұтқындарға ешқандай төсек орындар берілмеді. Сондықтан олар сырт киімдерімен ұйықтауға мәжбүр болды.

Осындай ауыр тұрмыстық жағдайдан, ауру-сырқаулардан 1942 жылы қарашада 313 адам, желтоқсан айында — 400 адам өлген. Науқастар негізінен пеллагра (дәрумен жетіспеушілігі), туберкулез және өкпенің қабынуынан өліп отырды. Тұтқындар осындай ауыр жағдайға байланысты лагерден қашуға тырысқан. 1942 жылы қашудың 295 фактісі тіркелген, оның ішінде 105 оқиға — неміс әскери тұтқындарының қашу әрекеттерімен байланысты болды. Жарықпен қамтамасыз етуде туындаған қиындықтарға байланысты, тұтқындардың лагерден қашуы көбіне түн мезгілінде орын алды. Немістердің жұмысшы колонналарының да жағдайы өте ауыр болды. Оларға азық-түлік

жетіспеді. Тойып тамақ ішпегендіктен жұмысшылар физикалық жағынан әлсіз болды. Олардың арасында аяқ-қолын үсіту, жарақаттар алу оқиғалары жиі орын алды [18; 35, 37, 51].

Жергілікті архив қорларында 1943 жылдан кейінгі мерзімге қатысты да арнайы қоныс аударылғандар туралы мәліметтер кездеседі. Архив деректері немістердің облыстың негізінен солтүстігі және орталығындағы аудандарда, Ақтөбе қаласы мен маңында орналасқандығын көрсетеді. 1945 жылғы 10-қазандағы мәлімет бойынша немістердің үлкен тобы қазіргі Мұғалжар ауданының территориясында құрылған № 52 жылқы зауытының қажеттілігіне жұмысқа тартылды. Олардың сандық және жастық құрамын төмендегі кестеден [19; 29] көруге болады (3-кесте).

3 - кесте

**№ 52 жылқы зауыты орналасқан елдімекенде тұрып жатқан қоныс аударылған немістер**

№	Ұлттар	Отбасы саны	Ондағы жан саны	Еңбекке жарамдылары	Жұмысқа орналасқаны	Мектеп жасындағы балалар	Мектеппен қамтылғандары
1	Немістер	50	163	65	65	41	19

Аталған құжат бойынша зауыт орналасқан елдімекенде 255 адамнан құралған 64 шешен отбасылары да тұрған. Олардан басқа украиндықтар, гректер, поляктар және орыстардан жеті отбасы өмір сүрген. Осылайша, немістер аталған мекемеге жұмысқа тартылған қоныс аударылғандар ішінде саны жағынан шешендерден кейінгі екінші ұлт болды.

Қоныс аударылғандардың үлкен поселкесі қазіргі Ақтөбе ферроқорытпа зауытының аумағында қалыптасты. Ақтөбе ферроқорытпа зауытының маңынан сонда жұмыс жасайтын жұмысшылардың сұрауы бойынша жер бөлініп, жер үйлер салуға рұқсат етілген. Зауыт басшылығы оларға құрылыс материалдарымен көмектескен. Осылайша, зауыт айналысындағы қазіргі Махамбет, Вохр аудандары пайда болды. Кейін қазіргі Жилгородок ауданында да елдімекен құрылды. Осы құрылыстардың барлығына тұтқын немістер қатысты. Немістердің еңбек колонналары Ақтөбе қаласы аумағына кіретін Кірпішті ауданындағы үйлердің де құрылысын жүргізген.

*Талқылау*

Архив құжаттары негізінде жоғарыда жасалған қорытындылар ауызша деректермен де расталады. Сондай деректердің бірі бойынша «1941 жылы 7-қарашада сол кездегі Степной ауданына қарасты Кемпірсай станциясына 2700 аш-жалаңаш неміс ұлтының өкілдері жеткізілген. Бұлар Батыс Украина және Еділ бойынан жер аударылған бейбіт тұрғындар болатын, олардың арасында қарттар, ер адамдар, бала-шаға болды. Олар неміс болғаны үшін, «сенімсіз ұлт» ретінде жер аударылды. Кейін бұл ауданға шешендер, кәрістер, белорустар да қоныстандырылды. Оған қазіргі Қарғалы ауданының орталығы Бадамшаның сол кезеңде Берлин, Шешен поселкесі, Орталық және Зона сияқты шартты аудандарға бөлінуі дәлел. Бұл атаулардың қайдан шыққандығын үлкен адамдар ғана білетін.

Қазіргі Бадамша елдімекенінің құрылу тарихы осы депортация тақырыбымен және ПХК ГУЛАГ жүйесіне кірген Кемпірсай лагерінің құрылуымен байланысты. Осы Запорожье және Гданьскіден шыққан немістер осы елдімекеннің негізін қалаушылар және никель, хром, темір кендерінің алғашқы өндірушілері болды. Кейін оларды еңбекпен түзеу лагеріне ауыстырды» [20]. Бұл естеліктер немістердің Ақтөбе облыстық «Возрождение» қоғамының бұрынғы төрайымы Инге Смолинецке тиесілі. Ол жер аударылған Абрам Эзау мен Мария Реймердің шөбересі.

Қоныс аударылғандардың жағдайы өте ауыр болды. Оларға жергілікті қазақ халқы көмек қолын созды. Кемпірсайға көшірілген немістер үшін әсіресе 1941 жылдың күзі мен қысы өте ауыр болған. Қоныс аударылған немістер аштықтан, аурудан көп шығынға ұшырады. Сол алғашқы қыста қоныс аударылғандардың шығыны шамамен 1000 адамға жеткен. Өлгендердің мәйіті қонысқа жақын жерде, қарьерлердің жанынан қазылған арыққа тасталды. Кейін бұл жер бауырластар зиратына айналды. Бадамшада мұндай жерлеу орындары екеу. Оның біреуі поселкеден бір шақырым жердегі подхоздың қасында, ал екіншісі қазіргі аудан орталығының қорымының аумағында [20].

Жоғарыда атап өткендей, арнайы қоныс аударылған немістер жаңа жерлерге келгеннен кейін де қуғын-сүргінге ұшыратылды. Кеңес үкіметі оларға негізінен тегін жұмысшы күші ретінде қарап, ауыр құрылыс жұмыстарына жекті. Осы жағдайға байланысты қаншама неміс отбасылары бұзылып, туыс адамдар бір-бірінен ажырап қалды. Жалпы, немістерді жер аудару, оларды түрлі айыптармен

қуғындау И.В. Сталин өлгенге дейін жалғасты. Әсіресе, 1930-шы жылдардың екінші жартысы мен 1940-шы жылдардың басындағы жаппай қуғын-сүргін уақытында Ақтөбе облысынан да жүздеген неміс ұлтының өкілдері түрлі айыптармен қуғындалып, соттық емес органдардың шешімімен атылды немесе ұзақ мерзімге лагерлерге айдалды. Бұл фактілерді Облыстық полиция департаментінің архиві мен Облыстық мемлекеттік архиві құжаттары айғақтайды.

Арнайы қоныс аударылған немістердің қарапайым құқықтары да сақталмады. Олар ұзақ жылдар бойы «сенімсіз ұлт», «фашистік Германия шпионы» сынды жалған айыптардан арыла алмады. Жаңа жерлерге орналастырылғаннан кейін еңбекке жарамды ер адамдар мәжбүрлі түрде, жұмысшы күші ретінде еңбек колонналарына алынды. Қоныс аударушылардың қалған бөлігі, яғни қарттар, әйелдер мен балалар колхоз жұмыстарына тартылды. Әйелдердің ерлермен бір қатарда ауыр құрылыс жұмыстарына жегілген жағдайлары да болды. Еңбек етуге қолайлы жағдайдың жоқтығынан олар күнделікті қажетті еңбек нормасын шығара алмады. Олар сол үшін де қысым көрді. Осылайша, жер аударылған немістерге жаңа жерлерде де өз қалауынша өмір сүруге мүмкіндік берілмеді. Олардың барлық азаматтық және саяси құқықтары тапталды, әлеуметтік жағдайлары өте ауыр болды. Азық-түлік, басқа да тұрмысқа қажетті заттар жетіспеді, үкімет тарапынан берілетін азық-түлік ссудалары олардың қажеттіліктерін толық өтей алмады.

Халықтарды этникалық белгілеріне қарай күштеп жер аудару еңбекке мәжбүрлі жұмылдыру шараларымен тығыз байланыста жүргізілді. Еңбекке мәжбүрлі жұмылдыру КСРО-да соғысқа дейін-ақ тәжірибеге енгізілген болатын. Соғыс басталысымен ер адамдардың майданға алынуымен КСРО-ның барлық аймақтарында жұмысшы күші жетіспеді. Сондықтан да осындай тәжірибе заңдастырылып, соғыс уақытында кеңінен қолданылды.

#### *Қорытынды*

Осылайша, 1941-1943 жылдардағы Ақтөбе облысына немістердің күштеп көшірілу тарихына қатысты зерттеуімізді қорытындылай келе бірқатар тұжырымдар жасауға болады. Біріншіден, қолда бар деректерге сенсек, өңірге 26 мыңнан астам немістерді орналастыру жоспарланған. Дегенмен, олардың барлығының нақты келген, келмегенін анықтау мүмкін болмай отыр. Өйткені, ол құжаттар «құпия» және «аса құпия» грифімен жүрді, таратылмады. Соншама адам келген күннің өзінде оларды басқа жаққа қайта көшіріп, әкетіп отырды. Осындай жағдай әсіресе лагерь контингентіне тән болды. Екіншіден, күштеп көшірілген халықтар ішінде осы неміс ұлтының өкілдері сталиндік қуғын-сүргін саясатының ең ауыр зардаптарын тартты. Бұл ретте, күштеп көшірілген халықтарға кеңес үкіметінің әртүрлі саяси көзқарас ұстанғандығын атап өткен жөн. Жергілікті архив деректері әсіресе немістер мен кәрістердің ерекше қуғын-сүргін көргендігін айғақтайды. Үшіншіден, өңірге күштеп көшірілген немістер тегін жұмысшы күші ретінде ірі құрылыс нысандарына пайдаланылды. Олар күштеп көшірілген, арнайы қоныс аударылған, еңбек армияларының құрамында келген, әскери тұтқын ретінде келген, Германия мен оның одақтас елдерінен еңбекке мәжбүрлі жұмылдырылған немістер болды. Төртіншіден, күштеп көшірілген немістердің жаңа жерде ешқандай азаматтық-саяси құқықтары сақталмады. Әлеуметтік, тұрмыстық жағдайлары өте төмен болды. Азық-түлік жетіспеді, баспана мәселесі шешілмеді. Сондықтан олардың арасында алғашқы жылдары індет пен дұрыс тамақтанбауға байланысты өлім-жітім көп болды.

#### *Әдебиеттер тізімі*

- 1 Әділет. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінің сайты. [Электрондық режим]. — Қолжетімділігі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2000000456>
- 2 Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві (әрі қарай – АОМА). — 13-қ. — 5-т. — 2-іс. — 23–25-п.
- 3 АОМА. — 63-қ. — 1-т. — 20-іс. — 5-п.
- 4 АОМА. — 13-қ. — 4-т. — 300-іс. — 1–3-п.
- 5 Байдосов З.Б. Зұлмат пен үрей: зобалаң анатомиясы: [4 т.] / З.Б. Байдосов. — Ақтөбе: Нобель, 2014. — Т. 1. — 313 б.
- 6 Государственный архив Актюбинской области и его филиалы. Путеводитель / сост.: К.У. Мирманова, Е.Ю. Щекалева, Н.К. Изюмченко, К.Айтбаев, М.Ж. Акаева. — Алматы: Казахстан, 1991. — 247 с.
- 7 Иванов А.С. Этнические депортации населения СССР в современной зарубежной историографии / А.С. Иванов, Н.А. Михалев // Вопросы истории. — 2018. — № 10. — С. 162–175.
- 8 Сталинские депортации. 1928–1953 / под общ. ред. акад. А.Н. Яковлева; сост. Н.Л. Поболь, П.М. Полян. — Москва: Материк, 2005. — 904 с.

- 9 Из истории немцев Казахстана (1921–1975 гг.): Сб. документов / отв. ред. Г.А. Карпыкова. — 2-е изд. — Алматы-Москва: Готика, 2000. — 376 с.
- 10 Из истории депортаций. Казахстан. 1939–1945 гг. Сб. документов. — Алматы: LEM, 2019. — Т. 3. — 708 с.
- 11 Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. — Алматы: Арыс-Қазақстан, 1998. — 428 с.
- 12 Из истории депортации немцев в Казахстан. 1941–1945 гг. Сб. документов. — Геттинген-Алматы, 2022. — 400 с.
- 13 АОММ. — 85-қ. — 1-т. — 1348-іс. — 45-п.
- 14 АОММ. — 13-қ. — 11-т. — 162-іс. — 16-п.
- 15 АОМА. — 13-қ. — 11-т. — 272-іс. — 1, 5-п.
- 16 АОМА. — 13-қ. — 12-т. — 276-іс. — 56-п.
- 17 АОМА. — 13-қ. — 12-т. — 238-іс. — 10-п.
- 18 АОМА. — 13-қ. — 11-т. — 18-іс. — 35, 37, 51-п.
- 19 АОМА. — 515-қ. — 1-т. — 148-іс. — 29-п.
- 20 Егибаева Л. Батамшинский ГУЛАГ [Электронный ресурс] / Л. Егибаева // Актюбинский вестник. — 2019. — 30 мая. — Режим доступа: <https://avestnik.kz/batamshinskij-gulag/>

А.Т. Мәден, Ж.Д. Мустафина

### История депортации немцев в Актюбинскую область (1941–1943 гг.)

В статье рассматривается история депортации немцев в Актюбинскую область. Советские немцы являются одним из тех народов, который испытал последствия репрессивной политики из-за своей этнической принадлежности. На основе местных архивных данных, различных опубликованных документов и краеведческих материалов анализируются этапы переселения в регион немцев-спецпереселенцев, их численность, возрастно-половой состав, размещение их по районам и социально-бытовое обустройство. В качестве спецпереселенцев в Казахстан прибыли несколько категорий немцев. В основном это были немецкие семьи, депортированные со всех концов СССР, а также немцы различных категорий, мобилизованные в трудовые колонны. В качестве рабочей силы в трудовые колонны были насильно мобилизованы и представители немецкой национальности, захваченные из освобожденных европейских стран (интернированные немцы). Все они работали на крупных стройках, производствах, действовавших на территории области. Эти строительные площадки, которые были подразделениями Актюбинского исправительно-трудового лагеря, фактически функционировали как отдельные лагеря. В статье приводится численность немцев в этом лагере, анализируются условия их труда и другие важные вопросы. Также автор отмечает, что депортированные немцы подвергались вторичным репрессиям на новых местах расселения. Это проявлялось в разделении членов семьи, принудительной мобилизации к труду, приговоре по различным ложным обвинениям к высшей мере наказания или длительному сроку заключения. Также архивные документы свидетельствуют о том, что представители немецкой национальности, ранее проживавшие в Актюбинском регионе, не относящиеся к категории спецпереселенцев, находились на особом учете и под строгим контролем.

*Ключевые слова:* репрессии, автономия, депортация, эшелон, спецпереселенцы, трудовая колонна, Актюблаг, ИТЛ, Кемпирсай, лагерь.

A.T. Maden, Zh.D. Mustafina

### The History of the Deportation of Germans to the Aktobe Region (1941–1943)

The article examines the history of the deportation of Germans to the Aktobe region. Soviet Germans are one of those peoples who have experienced the consequences of repressive policies because of their ethnicity. On the basis of local archival data, various published documents and local history materials, the stages of resettlement of Germans-special settlers to the region, their number, age and gender composition, their placement by districts and social and household arrangement were analyzed. Several categories of Germans arrived in Kazakhstan as special settlers. They were mostly German families deported from all over the USSR, as well as Germans of various categories mobilized in labor columns. Representatives of German nationality captured from liberated European countries (interned Germans) were also forcibly mobilized into labor columns. All of them worked at large construction sites, production facilities operating in the region. These construction sites, which were subdivisions of the Aktobe correctional labor camp, actually functioned as separate camps. The article provides the number of Germans in this camp, analyzes their working conditions and other issues. The author also noted that deported Germans had been subjected to secondary

repression in new places of settlement. This was manifested in the separation of family members, forced mobilization for labor, sentences on various false charges to capital punishment or a long term of imprisonment. Also, archival documents indicate that representatives of German nationality, who previously lived in the Aktobe region, who did not belong to the category of special settlers, were under special registration and strict control.

*Keywords:* repression, autonomy, deportation, echelon, special settlers, labor column, Aktobe, Corrective Labor Camp, Kempirsai, camp.

## References

- 1 Adilet. Qazaqstan Respublikasy normativtik quyqytyq aktilerinin aqparattyq-quyqytyq zhuiesinin saity [The website of the Information and legal system of regulatory legal acts of the Republic of Kazakhstan]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2000000456> [in Kazakh].
- 2 AOMA [State Archive of the Aktobe region]. — 13-q. — 5-t. — 2-is. — 23–25-p. [in Kazakh].
- 3 AOMA [State Archive of the Aktobe region]. — 63-q. — 1-t. — 20-is. — 5-p. [in Kazakh].
- 4 AOMA [State Archive of the Aktobe region]. — 13-q. — 4-t. — 300-is. — 1–3-p. [in Kazakh].
- 5 Baidosov, Z.B. (2014). *Zulmat pen urei: zobalan anatomiasy [Repression and terror: the anatomy of violence]*. (Vols. 1–4; Vol. 1). Aktobe: Nobel [in Kazakh].
- 6 (1991). *Gosudarstvennyi arkhiv Aktiubinskoi oblasti i ego filialy. Putevoditel [The State Archive of Aktobe region and its branches. Travel Guide]*. Almaty: Kazakhstan [in Russian].
- 7 Ivanov, A.S., & Mihalev, N.A. (2018). Etnicheskie deportatsii naseleniia SSSR v sovremennoi zarubezhnoi istoriografii [Ethnic deportations of the USSR population in Modern Foreign Historiography]. *Voprosy istorii — History issues*, 10, 162–175 [in Russian].
- 8 Yakovlev, A.N. (Eds.). (2005). *Stalinskie deportatsii. 1928–1953 [Stalin's deportations. 1928–1953]*. N.L. Pobel, P.M. Polian (Comp.). Moscow: Materik [in Russian].
- 9 Karpov, G.A. (Eds.). (2000). *Iz istorii nemtsev Kazahstana (1921–1975 gg.) [From the history of the Germans of Kazakhstan (1921–1975)]*. (2nd ed.). Almaty-Moscow: Gotika [in Russian].
- 10 (2019). *Iz istorii deportatsii. Kazakhstan. 1939–1945 gg. [From the history of deportations. Kazakhstan. 1939–1945]*. (Vol. 3). Almaty: LEM [in Russian].
- 11 (1998). *Deportirovannye v Kazahstan narody: vremia i sudby [The peoples deported to Kazakhstan: time and fate]*. Almaty: Arys-Kazakhstan [in Russian].
- 12 (2022). *Iz istorii deportatsii nemtsev v Kazahstan. 1941–1945 gg. [From the history of the deportation of Germans to Kazakhstan. 1941–1945]*. Gettingen-Almaty [in Russian].
- 13 AOMA [State Archive of the Aktobe region]. — 85-q. — 1-t. — 1348-is. — 45-p. [in Kazakh].
- 14 AOMA [State Archive of the Aktobe region]. — 13-q. — 11-t. — 162-is. — 16-p. [in Kazakh].
- 15 AOMA [State Archive of the Aktobe region]. — 13-q. — 11-t. — 272-is. — 1, 5-p. [in Kazakh].
- 16 AOMA [State Archive of the Aktobe region]. — 13-q. — 12-t. — 276-is. — 56-p. [in Kazakh].
- 17 AOMA [State Archive of the Aktobe region]. — 13-q. — 12-t. — 238-is. — 10-p. [in Kazakh].
- 18 AOMA [State Archive of the Aktobe region]. — 13-q. — 11-t. — 18-is. — 35, 37, 51-p. [in Kazakh].
- 19 AOMA [State Archive of the Aktobe region]. — 515-q. — 1-t. — 148-is. — 29-p. [in Kazakh].
- 20 Egibaeva, L. (2019). Batamshinskii GULAG [Batamshinsky GULAG]. *Aktiubinskii vestnik — Aktobe Bulletin*. Retrieved from <http://avestnik.kz/batamshinskij-gulag/> [in Russian].

## Авторлар туралы мәліметтер

**Мәден Асылбек** — т.ғ.к., тарих және дінтану кафедрасының доценті, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0003-4498-8105>

**Мустафина Жанар** — PhD, Тарих және дінтану кафедрасының аға оқытушысы, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-2705-8443>

## Information about the authors

**Maden Assylbek** — Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Department of History and Religious Studies, K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0003-4498-8105>

**Mustafina Zhanar** — PhD, Senior Lecturer, Department of History and Religious Studies, K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-2705-8443>